

Іле ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының мамандарына жиырма бес пайызыға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 47-220 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 27 тамызда № 3366 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2021 жылғы 17 наурыздағы № 3-10 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 17.03.2021 № 3-10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 4-тarmaғына сәйкес, Іле аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызыға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін .

2. "Іле ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы Чиндалиева Гүлбану Атамқұлқызына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихатының интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Іле аудандық мәслихатының "Әлеуметтік қорғау, еңбек, жұмыспен қамту, білім, денсаулық сақтау, мәдениет және тіл мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Iле аудандық мәслихатының сессия төрайымы*

*Iле аудандық мәслихатының хатшысы*

*F. Нәдірбекова*

*E. Тұрымбетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖК РМК